



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1929  
12.09.2023г. №

2023-2024 оқу жылында  
Алғашқы әскери-технологиялық  
дайындық пәнін және әскери-патриоттық  
тәрбие жұмысын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы ҚР Заңы негізінде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығына және «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің жалпыға бірдей міндетті орта білім беру стандарты негізінде, мектептердің 10-11 сыныптарында, колледждердің 1-ші (1-2) курсына талапқа сай оқыту және оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруді жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған бастапқы әскери және технологиялық дайындық, әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен дене шынықтыру дайындығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалуы МКҚК «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығына тапсырылсын (Тяженов Н.И.).

2. Астана қаласы білім беру ұйымдарының басшылары жоспарды жүзеге асыру үшін қажетті іс-шаралар қабылдасын, соның ішінде әскери-патриоттық тәрбие жұмысы мен алғашқы әскери дайындық үшін қажетті материалдық-техникалық жабдықтар мен құралдарға тиісті спецификадан қаражат қарастырсын.

3. «Jas Tarlan» әскери-патриоттық, спорттық орталығында өткізілетін іс-шараларға мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің қатысуын білім беру ұйымдарының басшылары бақылауға алсын.

4. Астана қаласы мектептері мен колледждерінде әскери-патриоттық бағыты бойынша сыныптары мен клубтарының ашылуы ұсынылсын.

5. Қалалық деңгейдегі әскери-патриоттық, әскери-спорттық шараларға, әдістемелік-нұсқаулық жаттығуларға және тәжірибе алмасу бойынша семинарларына мамандардың қатысуын қамтамасыз ету

мақсатында әр аптанын жұма күні алғашқы әскери дайындық бойынша оқытушы-ұйымдастырушылар үшін әдістемелік күні болып бекітілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары Н. Еламановқа жүктелсін.

**Басшы**



**Қ. Сенғазыев**

Сақалы 